

Денсаулық саяжайы кооперативінің көше атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Диқан ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 69 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қазанда № 3969 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 04 қыркүйектегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Диқан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Диқан ауылдық округінің Денсаулық саяжайындағы көше атаулары өзгертілсін:

- 1) Малиновая көшесі Аягөз көшесіне;
- 2) Сиреневая көшесі Талас көшесіне;
- 3) Сливовая көшесі Торғай көшесіне;
- 4) Тупиковая көшесі Жетісу көшесіне;
- 5) Садовая көшесі Отырар көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Диқан ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Тыныбекова